

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалануға жер учаскелерін беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 қарашадағы N 1054 Қаулысы

Ерекше қорғауды талап ететін Қазақстанның бірегей табиғи объектілері ретінде Шығыс Қазақстан облысының флорасы мен фаунасының бағалы түрлерін, экологиялық жүйелерін сақтау мақсатында және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Жалпы алаңы 30044 гектар жер учаскелері Риддер және Зырян мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелерінің мемлекеттік орман қоры жерінің санатынан алынып, олар осы қаулыға қосымшаға сәйкес тұрақты жер пайдалануға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - мекеме) берілсін.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелері мемлекеттік орман қоры жерлерінен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінің санатына көшірілсін, ал осы аумақта бар ормандар "мемлекеттік табиғи қорықтар ормандары" қорғаныштық санатына жатқызылсын.

3. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті жердегі мекеме жерінің шекарасын белгілесін.

4. Шығыс Қазақстан облысының әкімі мекеме жерінің төңірегінде күзет аймағын белгілеп, осы аймақ шегінде осы аумақтың экологиялық жүйесінің жай-күйіне және оны қалпына келтіруге және онда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілеріне теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым салсын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

6. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 7 қарашадағы



2.	ШЫЛЫҒЫ меке- месінің Төменгі Тұр- ғысын орман- шылығы	9382	9382	4437	4945	-	2855	40	2050
	<b>Б а р - лығы</b>	<b>30044</b>	<b>30044</b>	<b>22521</b>	<b>7523</b>	<b>20</b>	<b>4272</b>	<b>40</b>	<b>3191</b>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК